



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

### ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

#### АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

*Құрметті жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттер!*

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті сіздерді **2026 жылғы 5-6 мамыр** өтетін **«Smart AgroScience: жас ғалымдардың зерттеулері мен инновациялары»** атты жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға шақырады.

**Конференция материалдары 2026 жылдың 23 сәуіріне дейін қабылданады.**

**Конференцияға қатысу формасы: онлайн және офлайн.**

**Конференция тілдері: қазақ, орыс және ағылшын.**

**Конференцияның мақсаты:** жас ғалымдардың және студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру, оларды замануи аграрлық ғылымның өзекті мәселелерін шешуге тарту, сонымен қатар агроөнеркәсіп кешенінің индустриалдық-инновациялық дамуына әсер ету.

**Конференцияға қатысу** – бұл студент, магистрант, докторант және 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілерге ғылыми жұмыстарды жариялаудың тамаша мүмкіндігі.

**Конференция барысында төмендегідей секциялардың жұмысы жоспарлануда:**

№	Секцияның атауы	Жауапты хатшы	Электрондық пошта мекенжайы
1	Тұрақты ауыл шаруашылығы және экология	Әбдүкерім Рауза	Rauza.Abdukerim@kaznaru.edu.kz
2	Ветеринария, зооинженерия және биотехнология	Таипова Айнура	ainura100692@gmail.com
3	Су ресурстары және IT технологиялар	Оңласын Ұлжан	ulzhan.onglassyn@kaznaru.edu.kz
4	Орман шаруашылығы және жер ресурстары	Сатыбалдиева Гулшат	gulshat.satybaldiyeva@kaznaru.edu.kz
5	АӨК-дегі инженерлік және тағам технологиялары	Жалелов Дулат	zhalelov.dulat@kaznaru.edu.kz
6	Аграрлық экономиканың инновациялық дамуы және цифрлық трансформациясы: экономика және құқық	Исмаилова Айгуль	aigul.ismailova@kaznaru.edu.kz

**Конференцияның ұйымдастыру комитеті жұмыс барысын төмендегідей етіп айқындады:**

- **5 мамыр** пленарлық және секциялық отырыстар;

- **6 мамыр** отандық жетекші ғалымдардың шеберлік кластары, конференцияны қорытындылау, резолюция қабылдау, дипломдар мен сертификаттарды табыстау.

Конференция баяндамаларының материалдары университеттің сайтында ([www.kaznau.edu.kz](http://www.kaznau.edu.kz) – Ғылым - Электрондық ғылыми мұрағат - Конференция жинақтары) ISBN тағайындаумен электронды түрде жарияланады. Форумға қатысу үшін **2026 жылдың 23 сәуіріне дейін** жоғарыда көрсетілген жауапты тұлғалардың электронды мекен-жайларына келесі материалдарды жіберу керек:

- **конференция жинағының талабы бойынша рәсімделген тезис.**

**Өтінім беру үшін** қатысуға арналған Google-форманы толтыру қажет: <https://forms.cloud.microsoft/r/zfF1sKseVP>

Көрсетілген мерзімнен кейін ұйымдастыру комитетіне келіп түскен тезистер қарастырылмайды, баяндама материалдарында жарияланбайды.

Ұсынылған материалдың сапасына **автордың өзі** жауап береді. Мәтін түпнұсқа болып есептеледі және өзгертілмейді. Ұйымдастыру комитеті тезистерді жариялау үшін материалдарды іріктеу құқығын өзіне қалдырады. Талаптарға сәйкес рәсімделмеген материалдар қаралмайды және авторларға қайтарылмайды.

**Конференция жинағында мақалаларды жариялау ТЕГІН.**

Барлық сұрақтар бойынша конференция ұйымдастыру комитетінің жоғарыда көрсетілген электронды мекен-жайларына немесе мына телефондарға хабарласа аласыздар: **+7 (727) 262-17-77**

**Іс-сапар шығындарын төлеу (жол, тұрғынжай, тамақтану) конференцияға қатысушылар немесе жіберуші тарап есебінен жүзеге асырылады.**

## **ТЕЗИСТЕРДІ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Тезис **қазақ, орыс және ағылшын** тілдерінде жарияланады.

Тезистерді рәсімдеуге қойылатын талаптар: тезистің көлемі – 350-500 сөз. Мәтін MS Word бағдарламасының форматында дайындалуы керек, тезис мәтінінің қарпі - Times New Roman, қаріп көлемі 12, жол аралығы – 1, жаңа жол – 1, жоғарғы және төменгі жақтары – 2,5 см, сол жағы – 2 см, оң жағы – 2 см.

• Әрбір баяндама тезистері аталған файл түрінде ұсынылуы керек: автордың аты-жөні\_секция атауы.doc (\*.docx кеңейтіліміне рұқсат етіледі).

• Бір интервалдан кейін жолдың орта тұсында автордың (-лардың) тегі мен аты-жөні қалың қаріппен жазылады, бір интервалдан кейін курсивпен автор(-лар) оқитын ұйымның атауы, бір интервалдан кейін мақаланың атауы қалың қаріппен бас әріптермен жазылады.

• Мәтінде астын сызуға, қою және курсивпен жазуға жол берілмейді.

• Авторлар тезисте (баяндамада) берілген ақпараттың дұрыстығына жауап береді.

• Көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін тезистер жариялауға қабылданбайды.

• Тезистердің мәтіндері өңделмейді, ғылыми мазмұны, презентация стилі мен грамматика үшін барлық жауапкершілік авторларға, сондай-ақ олардың ғылыми жетекшілеріне (кеңесшілеріне) жүктеледі.

ӘӨЖ

Аймұхамбет Г.Н.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

**МЫСЫҚТАРДЫҢ ІШЕК МИКРОБИОМЫНА МЕТАГЕНОМДЫ ТАЛДАУ**

Әрі қарай тезис мәтіні.....Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін  
Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін  
Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін

**ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:  
050010, Алматы, Абай даңғылы 8.  
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,  
Ғылым департаменті  
№ 99 кабинет, бас ғимарат.

Құрметпен, **ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ**